

## **Дәріс №2**

**Тақырыбы:** Қазақстан қола дәуірінде.

**Дәрістің мақсаты:** Студенттер «арийліктердің» шыққан тегі, қола дәуірінің хронологиялық шеңбері, қоғамдық ұйымдасуы мен шаруашылығы туралы мәліметтер біледі; арийліктерге жататын тайпалардың антропологиялық, тілдік, этногенездік ерекшеліктерін ажырата алады, қола дәуіріндегі политеизмнің ерекшеліктерін көрсете алады, құмыра жасаудың екі тәсілін бір-бірінен ажырата алады; археологиялық ескерткіштерін археологиялық картадан жақсы бағдарлауға дағдыланады.

**Мазмұны:** 1. Арийліктер дәуірі. 2. Қола дәуірінің ерекшеліктері мен даму кезеңдері. 3. Қола дәуірінің діні. 4. Андроновтықтардың шаруашылығы, қолөнер, үй кәсіпшілігі, металлургия.

### **Арийліктер дәуірі.**

Үндіеуропалық қоғамға қазіргі славян және герман, роман және иран тілдері, сонымен қатар Солтүстік Үндістан тілдері кірді. Бұл тілдік отбасы шамамен б.з.д. V-ші мыңжылдықта Дунай, Рейн және Еділ аралығында қалыптасты, тек б.з.д. III мыңжылдықтың басында ыдырау мен жаңа жерге орналасу нәтижесінде алғашқы Отанынан оңтүстірек және шығысырақ таралуы басталды. Белгілі петербургтік тарихшы және тіл маманы И.М. Дьяконовтың үндіеуропалықтардың ертедегі тарихы жөнінде пікірі осындай еді. Үндіеуропалық тілдердің ертедегі Отаны Алдыңғы Азияда деген өзге көзқарас та бар. Қазіргі таңда И.М. Дьяконовтың жасаған қорытындысының дұрыстығын археологиялық ашылулар растай түсті.

Б.з.д. III мыңжылдықта мал шаруашылығының дамуына және ежелгі шығыс елдерінің дөңгелекті арба өркениетін қабылдағанына байланысты (Кавказ арқылы және Дунай үстімен), үндіеуропалықтардың шығысқа қоныс аударуы басталды. Көшудің себебі айқын – мал шаруашылығымен айналысуға қарағанда егіншілік далада өнімсіз болды, бірақ қажетті демеу болды. Тез жайылып өскен отар және демографиялық жарылыс жаңа жайылымдық жерлерді игеруді қажетсінді. Еділден шығысқа қарай сирек игерілген, су көздері мол, боз және жусанды-беттегелі дала ірі қаралар, жылқылар мен қойлардың ірі отарын өсірген тайпалар үшін шаруашылықты игеруге қажетті объекті болды.

Үндіеуропалық тайпалардың бірнеше дүркін көшіп-қонымы, әсіресе «ойықты мәдениетті» таратушылар біртіндеп шығысқа кеңінен таралған, оны Қазақстанда (қазіргі Қарағанды облысы), сонымен қатар тіпті Енисей мен Батыс Монғолияда (афанасьев мәдениеті) анықталған археологиялық ескерткіштер немесе туыс археологиялық мәдениеттер дәлелдейді. Шығысқа жылжудың ірі толқыны б.з.д. 1800-1600 жылдарға, екі археологиялық қауымдастық қалыптасқан кезге сәйкес келеді. Олар Днепр мен Еділ аралығында қалыптасқан, кескінді немесе қима мәдениет деген ат алған (қиғаштап жерлеуге байланысты) батыстық, Қазақстанның далалық зонасы мен Оңтүстік Сібірге (Енисейге) қатысты, анықталған жеріне байланысты

андронов мәдениеті деп аталған шығыстық мәдениеттерді таратты.



Қола дәуірінің жоғарыда аталған екі далалық қауымдастығының шаруашылығы, әлеуметтік дамуы, мәдениеті де ұқсас болды. Тек әрқайсысының жергілікті тұрғындарының түрлі топтарымен ассимиляциялануы және біртіндеп алғашқы жақындықты жоғалтуына байланысты қауымдастықтар арасында өзгешіліктердің қалыптасуына әкелді. Міне, дәл осы андронов мәдениетін таратушылар және Каспий маңындағы аудандардағы - «қимашылар» қола дәуіріндегі қазақстандағы далалық өңірінің негізгі халқы болды.

Авестада айтылған арбаның құрылымдық беріктігі мен үлкен жылдамдыққа икемділігі шынайы шеберліктің үлгісі екенін көрсетеді.

К.Аманжолов арийліктердің қалыптасуы жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Авеста өлеңінде Орта Азия мен Қазақстан жерлері Тянь-Шань, Памир, Алтай тауларымен байланыстырылады. Бір тілде сөйлейтін ари, тур, хьондардың тайпааралық соғыстары Арианам Вайджаның шекараларында, Сырдария мен Амудария, Каспий, Арал, Еділ жағалауларында, Кама түбінде жүріп жатқандығы айтылады. Сонымен, б.з.б. II мыңжылдықтың екінші ширегінде тайпалар өсіп-өркендеп, ортақ этноним - “арья” деген атқа ие болады. Б. з. б. XII - X ғасырларда ариліктердің негізгі қоныс аудару бағыты шығыс және оңтүстік-шығыс болса да, көп тайпалар Гиндукуштың ар жағына - солтүстік Индияға, біраз бөлігі Батыс Иран мен Месопатамияға қарай Еуропаға көшіп кетті.

Қазіргі болжам бойынша, Азия елдерінде ассимиляцияға ұшыраған арилердің кейінгі ұрпақтары қоныс аудару бастайды, бірақ оның тура уақытын кесіп айту қиын.

Соңғы зерттеулерге қарасақ арилер б.з.б. I мыңжылдықтың басында Қазақстан мен Орта Азияда өз тіршіліктерін аяқтаған».

## Арийліктер дәуірі




Үндіеуропалық қоғамға қазіргі славян және герман, роман және иран тілдері, сонымен қатар Солтүстік Үндістан тілдері кірді. Бұл тілдік отбасы шамамен б.з.д. Ү-ші мыңжылдықта Дунай, Рейн және Еділ аралығында қалыптасты, тек б.з.д. III мыңжылдықтың басында ыдырау мен жаңа жерге орналасу нәтижесінде алғашқы Отанынан оңтүстік және шығысқа таралуы басталды. Белгілі петербургтік тарихшы және тіл маманы И.М. Дяконовтың үндіеуропалықтардың ертедегі тарихы жөнінде пікірі осындай еді. Үндіеуропалық тілдердің ертедегі Отаны Алдыңғы Азияда деген өзге көзқарас та бар. Қазіргі таңда И.М. Дяконовтың жасаған қорытындысының дұрыстығын археологиялық ашылулар растай түсті.

Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

### Қола дәуірінің ерекшеліктері мен даму кезеңдері.

Б.з.б. екінші мың жылдықтың ортасында Қазақстан тайпалары қола заттарын жасауды меңгерген. Қола - әр түрлі өлшемдегі мыс пен қалайының, кейде сұрменің, күшаланың, қорғасының қорытпасы. Мыспен салыстырғанда қола өте қатты және балқу температурасы төмен, түсі алтын сияқты әдемі болып келеді. Ол еңбек құралдары мен қару жасау үшін қолданылатын негізгі шикізат болып табылады. Қазақстан жерінде түсті металдар өңдеуге, әсіресе, мал өсіруге мықтап көңіл бөлген. Сөйтіп, б.з.б. 2 мың жылдықтың аяғында – 1 мың жылдықтың басында дала халықтары шаруашылықтың жаңа түрі-көшпелі мал шаруашылығына ауысады.



### Қола дәуірінің ерекшеліктері мен даму кезеңдері.

Б.з.б. екінші мың жылдықтың ортасында Қазақстан тайпалары қола заттарын жасауды меңгерген. Қола - әр түрлі өлшемдегі мыс пен қалайының, кейде сұрменің, күшаланың, қорғасының қорытпасы. Мыспен салыстырғанда қола өте қатты және балқу температурасы төмен, түсі алтын сияқты әдемі болып келеді. Ол еңбек құралдары мен қару жасау үшін қолданылатын негізгі шикізат болып табылады. Қазақстан жерінде түсті металдар өңдеуге, әсіресе, мал өсіруге мықтап көңіл бөлген. Сөйтіп, б.з.б. 2 мың жылдықтың аяғында – 1 мың жылдықтың басында дала халықтары шаруашылықтың жаңа түрі-көшпелі мал шаруашылығына ауысады.

Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Қола дәуіріндегі экономикалық басты-басты екі бағыттағы: мал шаруашылығы мен металл өңдеу кәсібінің тез дамуы, ең алдымен еркектердің еңбегін қажет етті. Мұның өзі қоғамда еркектер рөлінің күшеюіне әкелді. Сөйтіп патриархат пайда болды.


Қола дәуірінде Сібірдің, Қазақстанның және Орта Азияның кең-байтақ далаларын тегі және тарихи тағдырының ортақтығы жағынан туыс тайпалар

мекен етті. Бұл тайпалар бір үлгідегі, бір-біріне ұқсас мәдениет қалдырды. Олар қалдырған мәдениет ескерткіштердің табылған жері Сібірдегі Ачинск маңындағы Андронов селосының атымен ғылымда шартты түрде “Андронов мәдениеті” деп аталды. Андронов мәдениеті қола дәуірінің алғашқы кезеңін б.з.б. ХҮІІІ-ХҮІ ғғ. және орта кезеңін б.з.б. ХҮ-Хғғ. түгелдей қамтиды.



Қазақстан мен Оңтүстік Оралдан андронов мәдениетінің ескерткіштерін зерттеу соңғы жылдары ерекше қарқынды жүрді. 90-шы жылдарға дейін 40 жыл ішінде шамамен андроновтардың 150 мекені мен көптеген бейіттері ашылды. Олардың қоныстанған жерлерін тек Батыс Сібір, жоғарғы Енисей аңғарынан ғана емес, Тянь-Шаньнан, Тәжікстаннан, Ауғанстаннан, ал кейбір андроновтарға тән белгілерді Солтүстік Пәкістан жерлерінен табуға болады. Соған қарамастан, андроновтардың түп тамыр мекеніне Қазақстандағы және Орал өңіріндегі жерлер жатады. Олардың ескерткіштері осы аймақтан көп табылған.

Андроновтар мәдениетінің дамуы 3 кезеңге бөлінеді: 1) ерте кезең (б. з. б. ХҮІІІ-ХҮІ ғасырлар), 2) өркендеген кезең (б. з. б. ХҮ-ХІІІ ғасырлар), 3) кейінгі кезең (б. з. б. ХІІ-Х ғасырлар).




Андроновтардың шығу тегі туралы бірнеше пікірлер бар: 1) үнді-иранның ежелгі ескерткіштері – Авеста, Ригведа, Атхарваведа, Яджурведа, Шатапатхани және топонимика, ономастика, археологиялық материалдарды талдау арқылы андронов тайпаларын үнді-иран немесе арий текті екендігі туралы болжам қалыптасқан; 2) финн-угор этникалық тобына жатқызу; 3) кейінгі жылдары тілшілер, түркологтар, этнографтар, тарихшылар түркі тілдес тайпалар деп жүр.

Андроновтардың шығу тегі туралы бірнеше пікірлер бар:

- ❖ Үнді-иранның ежелгі ескерткіштері – Авеста, Ригведа, Атхарваведа, Яджурведа, Шатапатхани және топонимика, ономастика, археологиялық материалдарды талдау арқылы андронов тайпаларын үнді-иран немесе арий текті екендігі туралы болжам қалыптасқан;
- ❖ Финн-угор этникалық тобына жатқызу;
- ❖ Кейінгі жылдары тілшілер, түркологтар, этнографтар, тарихшылар түркі тілдес тайпалар деп жүр.

Активация Windows.  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Андроновтар бет-әлпеті қандай болған десек, белгілі антрополог, академик В.П.Алексеев былай деп сипаттайды: «Андроновтар, әрине, еуропоидтар, олар мұрынды, бет-әлпеті шығыңқы емес дерлік, көздері үлкен, кавказдықтың түр-әлпетін елестету мүмкін. Бірақ оларға қарағанда біршама жалпақ бетті, дене бітімі күшті, ержүрек адамдар».



**В.П.Алексеев:**

«Андроновтар, әрине, еуропоидтар, олар мұрынды, бет-әлпеті шығыңқы емес дерлік, көздері үлкен, кавказдықтың түр-әлпетін елестету мүмкін. Бірақ оларға қарағанда біршама жалпақ бетті, дене бітімі күшті, ержүрек адамдар» деп сипаттайды.

Активация Windows.  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Андроновтардың қалдырған іздеріне сүйенсек, олардың дәнді дақылмен бірге негізгі асы сүт тағамдары екенін көреміз және андроновтардың өмір сүруінің негізгі қайнар көзі мал шаруашылығы болып табылғанын да байқаймыз.

Археологиялық деректер андронов тұрғындарының басым көпшілігі отырықшылық өмір сүргенін көрсетеді. Қоныс-мекендер кең жайылма шалғыны бар өзендердің жағаларына орналасты. Патриархаттық отбасылардың үйлері үлкен жертөлелер болды; олардың жанынан әр түрлі шаруашылық жайлар мен мал қамайтын қашалар салынды. Бұл қоныс-мекендерге мал бағу кәсібі едәуір басым малшылық-егіншілік шаруашылығының кешенді сипаты тән болды.\



Археологиялық деректер андронов тұрғындарының басым көпшілігі отырықшылық өмір сүргенін көрсетеді. Қоныс-мекендер кең жайылма шалғыны бар өзендердің жағаларына орналасты. Патриархаттық отбасылардың үйлері үлкен жертөлелер болды; олардың жанынан әр түрлі шаруашылық жайлар мен мал қамайтын қашалар салынды. Бұл қоныс-мекендерге мал бағу кәсібі едәуір басым малшылық-егіншілік шаруашылығының кешенді сипаты тән болды.

Активация Windows.  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел «Параметры».

Андроновтар мәдениетін зерттеуші археологтар арқылы білетініміз - бейіттерден қола шоқпар, садақ пен оқ, қола балталар және қола қылыштар, мыс білезіктер мен жүзіктер, алтын жалатқан жүзіктер, күмістен жасалған омырауға тағатын әшекейлер табылған. Тұрғын үйлерінен арбаның дөңгелегі, темірмен немесе қоламен көркемделген дөңгелектер табылған. Тұрғын үйлерге қарап, біз андронов тайпаларындағы адамдардың отбасы мүшелері көп, қарапайым және бай болып бөлінгенін байқаймыз.

Андроновтық тұрғындарды басқа тайпалардан айыратын мәдениеттің ең басты этнографиялық белгілері жерлеу ғұрпы, геометриялық өрнегі бар балшық ыдыстардың өзінше бір жиынтығы, металл бұйымдардың түрлері болып табылады.

Андронов тайпалары тұрқы әр түрлі тас қоршаулар түрінде зираттар тұрғызды, олар тік бұрышталып, дөңгелектей, сопақталып қоршалатын болды. Кейде, әсіресе Орал өңірінде бұлардың орнына обалар үйілді. Өлген тайпалас адамдар не өртеледі, не ерекше әдіспен бүйірінен жатқызылып, қол-аяғы бүктеліп, тас тақталардан жасалған «жәшікке» немесе қазылған төрт бұрышты шұңқырға салынып жерленді.

Андроновтардың өмірі барлық кезде бірдей бейбіт болған жоқ, тайпалар арасында қақтығыстар көп болып тұрған. Арба туралы дерек Аңырақай тауларының Алматыдан 170 шақырым жердегі Тамғалы мекенінен табылған. Тастағы суреттерге қарасақ, андроновтық уақытқа жататын эпикалық кейіпкерлер әскери атты арба үстінде садақ тартып, түйелерімен көшіп,

рәсімдік билер билеп жүргендерін көруге болады. Арбалы жауынгерлердің негізгі қаруы садақ, қанжар, ұзын сапты дротиктер болған.

Орталық Қазақстанда қола дәуірінің соңғы кезеңінде б.з.б. X-ҮІІІ ғғ. Дәндібай-Беғазы мәдениеті болған. Ол Қарағанды қаласы маңындағы Дәндібай ауылында және Балқаштың солтүстік төңірегіндегі Беғазы қойнауында қола ескерткіштері алғаш қазып алынған жеріне қарай аталған. Дәндібай-Беғазы мәдениеті Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ даладан табылған көптеген ескерткіштермен сипатталады. Олардың қатарына Ақсу-Аюлы II, Ортау II, Байбала II, Бесоба, Бұғылы III кешендері жатады. Бұл ескерткіштерге тән нәрсе, бір жағынан, андроновтық дәстүрлердің сақталуы, екінші жағынан, мәдениеттің жаңа элементтерінің тұрпаты ерекше бейіттік тамдардың, жатаған, домалақ ыдыстардың пайда болуы. Жерлеу ғұрпы кейінгі, ерте темір дәуірінде Қазақстан жерінде тұрған малшы тайпаларда кеңінен тараған.

Орталық Қазақстанда қола дәуірінің соңғы кезеңінде б.з.б. X-ҮІІІ ғғ. Дәндібай-Беғазы мәдениеті болған. Ол Қарағанды қаласы маңындағы Дәндібай ауылында және Балқаштың солтүстік төңірегіндегі Беғазы қойнауында қола ескерткіштері алғаш қазып алынған жеріне қарай аталған. Дәндібай-Беғазы мәдениеті Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ даладан табылған көптеген ескерткіштермен сипатталады. Олардың қатарына Ақсу-Аюлы II, Ортау II, Байбала II, Бесоба, Бұғылы III кешендері жатады. Бұл ескерткіштерге тән нәрсе, бір жағынан, андроновтық дәстүрлердің сақталуы, екінші жағынан, мәдениеттің жаңа элементтерінің тұрпаты ерекше бейіттік тамдардың, жатаған, домалақ ыдыстардың пайда болуы.



Қола дәуірінің діні – политеизм – табиғат пен адамды тәртіпке келтіретін бірнеше құдай бар деген түсінік болған. Митра – күн құдайы, Агни – от құдайы, Яма – ажал құдайы т.б. Сонымен қатар ата-баба аруағына, батырларға сиыну болған. Ауру адамдарды емдеу және оларды өлімнен сақтап қалу әрекеттері де болып отырған. Ол әрекеттер нәтиже бермеген жағдайда өлген адамды о дүниеге қажет деп санаушылық, о дүниеде тамақ керек деп, тамақпен, киіммен, еңбек құралдарымен, қару-жарағымен, сәндік

заттарымен барынша жақсылап көму қола дәуіріндегілерге тән рәсім.

Қола дәуірінің діні – политеизм – табиғат пен адамды тәртіпке келтіретін бірнеше құдай бар деген түсінік болған. Митра – күн құдайы, Агния - от құдайы, Яма – ажал құдайы т.б. Сонымен қатар ата-баба аруағына, батырларға сиыну болған. Ауру адамдарды емдеу және оларды өлімнен сақтап қалу әрекеттері де болып отырған. Ол әрекеттер нәтиже бермеген жағдайда өлген адамды о дүниеге қажет деп санаушылық, о дүниеде тамақ керек деп, тамақпен, киіммен, еңбек құралдарымен, қару-жарағымен, сәндік заттарымен барынша жақсылап көму қола дәуіріндегілерге тән рәсім.



Жерленген андроновтық адамдардың басы батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратылған.

Андроновтықтар мәйітті қабірге қол-аяғын бүгіп жатқызды. Бұрын былай жатқызу өліктен қорыққандықтан, ұйықтап қалған адамдай етіп байлаған деп түсіндірілді. Бірақ ежелгі әдебиеттерде жер қайтыс болған кісіні өз анасындай құрсағына қабылдайды да, ол болашақта өмірге қайта туады деп жазылған. Сондықтан өлікті қабірге қол-аяғын бүгіп, ана құрсағындағы сәби қалпында жатқызу үшін жіппен байлайды. Ажал құдайы Яманы «өлікті матаушы» деп атап, оны қолына жіп ұстап тұрған қалпында бейнелейтіні де сондықтан болса керек.

Андронов мәдениетінің бас кезінде адам өлігін өртеп, күлін жеке заттарымен бірге тас қабірге қою ғұрпы да болды. Бұл андроновтықтардың отқа табынғандығын көрсетеді. Өлікті жағу ғұрпын олар табиғаттың жаңару заңдылығы, жаңа өмірге көшу деп түсінді.

Қола дәуірінде күнге, отқа, суға, айға, жұлдыздарға және қорғаушы рухтарға арнап құрбан шалу ғадеті де болған. Кейін келе адамның ой-өрісінің өсуі нәтижесінде, оның өзі туралы және табиғат туралы ұғымы күрделене түсті, сөйтіп, діни дүниетаным келіп шықты.

Қорытып айтқанда, қола дәуірінің соңғы кезінде отбасылық және қауымдық топтық еңбектің кезінде өндірістік жабдықтарға және өндіріс өніміне ортақ меншіктің пайда болуына байланысты қоғамда қауымдық құрылыс ыдырап, отбасылық меншік алға шықты.

### **Андроновтықтардың қолөнер. Үй кәсіпшілігі.**

Мал шаруашылығы тамақ өнімдерін ғана емес, сонымен қатар киім мен аяқ киім тігілетін шикізаттар да берді.

Қола дәуірінде тоқыма кәсібінің болғанын қарапайым тоқыма станогінің ұршықбастарының, сүйектен, тастан, балшықтан жасалған шүйке




орағыштардың, сондай-ақ қарапайым тоқыма станогінің арқауын тартатын сүйек жуалдыздардың табылуы дәлелдейді. Жүн киімдер қойдың биязы жүні мен ешкінің түбітінен тоқылды.

### **Андроновтықтардың шаруашылығы, қолөнер, үй кәсіпшілігі, металлургия.**

Мал шаруашылығы тамақ өнімдерін ғана емес, сонымен қатар киім мен аяқ киім тігілетін шикізаттар да берді.

Қола дәуірінде тоқыма кәсібінің болғанын қарапайым тоқыма станогінің ұршықбастарының, сүйектен, тастан, балшықтан жасалған шүйке орағыштардың, сондай-ақ қарапайым тоқыма станогінің арқауын тартатын сүйек жуалдыздардың табылуы дәлелдейді. Жүн киімдер қойдың биязы жүні мен ешкінің түбітінен тоқылды.

Қола дәуірінде тайпалар кендірден, қара құрайдан, жабайы зығырдан және қалақайдан иірілген өсімдік жіптерді де қолданды. Бұлардан шаруашылыққа қажетті арқан есілді, балық аулайтын ау тоқылды, киім тігілді.



Қола дәуірінде тайпалар кендірден, қара құрайдан, жабайы зығырдан және қалақайдан иірілген өсімдік жіптерді де қолданды. Бұлардан шаруашылыққа қажетті арқан есілді, балық аулайтын ау тоқылды, киім тігілді.

Қабірлерден табылған аяқ киім қалдықтарына қарағанда, олар теріден тігілген, тақалары болмаған, тарамыс жіппен тігіліп, жіліншік тұсынан баумен тартылып байланған. Теріні ұқсату үшін ірі малдың жақ сүйектерінен жасалған лөкет пышақтар және қоныстардан жиі кездесетін тегістегіштер қолданылды.

Еркектер мен әйелдер басына жүннен тоқылған немесе теріден тігілген құлақшын киді. Сыртқы киімдер де жүн матадан тігілді. Олар, сірә, қос өңірлі немесе мойнында ойығы болып, сол жағынан бір түймемен қаусырылған болса керек.

Әйелдердің киімі көйлек, құлақшын, тері аяқ киім болды. Әдетте жүн матадан тігілген көйлектің етегі тізеден түсіп тұрған. Жеңі ұзын болған. Жеңінің қайырмасына қатар-қатар моншақ тағылды. Белдемшенің алды белдігінен етегіне дейін бірнеше қатар ақ моншақтар тізбегімен сәнделді. Мата қызыл түстің әр түрлі реңімен – алқызыл, күлгін-қызыл бояумен боялды.

**Қыш құмырашылар.** Қазақстан жерін мекендеген тайпаларда құмыра жасаумен көбіне әйелдер айналысты. Әр отбасы өздері үшін ыдыстар жасап алды.

Ыдыс жасау үшін ең алдымен балшық өте мұқият тандап алынды. Одан кейін балшық жібітіліп, иленетін болды. Ақырында, иленген балшықты қолмен жапсыру арқылы әр түрлі ыдыстар жасады. Ыдыстардың көпшілігі

таспалық әдіспен жасалған. Сонымен қатар құмыраларды қалыпқа салып пішіндеу әдісі болды (б.з.б. ХҮІІ-ХҮІ ғғ.). Мұндай қалып ретінде аттың қылынан тоқылған немесе жүн матадан тігілген дорбалар пайдаланылды. Дорба ылғал құммен толтырылып, тиісті пішінге келтіріледі. Содан кейін оны балшықпен айналдыра жапсырып, түбін бекітеді. Балшық кепкеннен кейін дорбаның ауызы шешіліп, ішіндегі құмы төгіліп, босаған дорба ыдыстың ішінен алынды.

Ыдыстардан су ақпас үшін күйдіруден бұрын, көбі сырт жағынан, кейбіреулері іш жағынан қызған кішкене таспен тегістеді. Содан кейін күйдірілетін болды. Күйдірілген ыдыс сұйық затты жақсы ұстайтын болып шығады.

Қола дәуірінің алғашқы кезеңіндегі ыдыстардың көпшілігі – бүйірі тік немесе біраз шығыңқы, мойыны сыртқа қайырылған, түбі жайпақ ыдыстар болып келеді. Өрнектер ыдыстың өн бойына түсірілетін болған. Бұл кезеңдегі ең көп кездесетін өрнектер – «шырша», шаршы және үш бұрыш өрнектері.

Орта қола дәуірінде мойыны мен бүйірінің арасы жіңішкеріп келген, түбі жайпақ ыдыстар басым болды. Өрнек ұсақ тісті қалыппен түсірілді. Бұл кезеңге тән өрнектер – үш бұрыш, иірімді сызық, сынық және ирек сызықтар. Өрнектер ыдысқа үш қатар болып салынды.

Ал қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі ыдыстардың дені дөңгелек пішімді, бүйірі шығыңқы болып жасалды. Олардың ернеуіне балшықтан таспа тәрізді және сиырдың емшегіне ұқсас бүршік бұдырлар жапсырылып, әшекейленді.



**Әшекейлер.** Андроновтықтардың сәндік бұйымдарының ішінде жиі кездесетіні – екі жағы бірігіп келген сақина тәріздес дөңгелек сырғалар. Олар мыстан жасалып, алтынмен қапталды. Содан соң түкті терімен ысқыланды. Жартылай бұралған сырғалар мен салпыншақ алқалар болды.

Андроновтықтардың әшекейлері Шығыс Жетісудағы Мыңшұңқыр қабірінен табылды.

Андроновтықтардың сәндік бұйымдарының ішінде жиі кездесетіні – екі жағы бірігіп келген сақина тәріздес дөңгелек сырғалар. Олар мыстан жасалып, алтынмен қапталды. Содан соң түкті терімен ысқыланды. Жартылай бұралған сырғалар мен салпыншақ алқалар болды. Андроновтықтардың әшекейлері Шығыс Жетісудағы Мыңшұңқыр қабірінен табылды.



**Ежелгі кеншілер.** Қазақстан жері пайдалы қазбаларға – кенге бай. Бүгінгі күндегі көптеген кен орындарына – Жезқазған мен Зырындағы мыстың, Атасу тауы мен Қалба және Нарым жоталарындағы қалайының, Степняк, Ақжал және Балажалдағы алтынның кен орындарында жүргізілген геологиялық зерттеулер бұлардың адам баласы үшін б.з.д. III мыңжылдықта да қызмет еткендігін дәлелдеп отыр.